

«Samruk- Kazyna Construction» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 ж. « » _____
шешіміне қосымша

**«Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

**Нұр-Сұлтан қ.
2020 ж.**

«Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу және оның қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы:
«Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам).

2. Қоғамда жұмыс істейтін қызметкерлердің мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары.

Қоғам қызметкерлері өз қызметінде:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде келесіні:

1. жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;
2. жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;
3. жеке мүлктік және мүлктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді қолданбауға тиіс.

Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1. қарамағындағы қызметкерлер арасында олардың жұмыс тәжірибесі мен атқаратын лауазымдарын ескере отырып, еңбек жүктемесін тең бөлуге;
2. бағынысты қызметкерлердің қызмет нәтижелерін бағалау, сондай-ақ оларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;
3. қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;
4. қарамағындағы және басқа да қызметкерлердің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуге;
5. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сондай-ақ қарамағындағы қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауға;
6. қарамағындағы қызметкерлерді қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеуге тиіс.

Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау кезінде:

1. азаматтардың заңмен белгіленген құқықтары мен бостандықтарын сақтауға;
2. заңды тұлғалардың заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге;
3. Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірлеуге;
4. Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын өзінің ресми интернет-ресурсында көпшілік талқылауы үшін орналастыруға тиіс.

Өзге де шектеулер мен тыйым салулар

Қоғам қызметкерлері келесіні:

1. заңдылық қағидатын басшылыққа алуға, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және акционерлік қоғам туралы заңнаманы қатаң сақтауға;

2. еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, берілген өкілеттіктерді адал, бейтарап пайдалануға және өз міндеттерін тиісті түрде орындауға;

3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;

4. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, автоматтандырылған ақпараттық кіші жүйелермен жұмыс істеу барысында (оларға рұқсат берілген кезде) алынған ақпаратты қоса алғанда, өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындау кезінде алынған қызметтік, коммерциялық құпияны және кез келген жеткізгіш түрінде қабылдау үшін қолжетімді нысандағы өзге де ақпараттың құпиялылығын сақтауға және үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндетті;

5. мүдделер қақтығысын болдырмауға және оларды шешу бойынша шаралар қабылдауға;

6. басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеуге және жасағаны үшін көтермелемеуге;

7. Қоғамның оң имиджін қолдауға: Мінез-құлық кодексін және мінез-құлықтың этикалық нормаларын сақтауға, еңбек міндеттерін орындау, қызметтер көрсету және жеке тұлғалармен және заңды тұлғалардың өкілдерімен басқа да сыртқы және ішкі өзара іс-қимыл кезінде әдепті мінез-құлық танытуға тиіс.

Қоғам қызметкерлеріне мыналарға:

1. өздерінің қызметтік өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалануға байланысты заңсыз мүліктік игіліктер мен басымдықтарды не мүліктік пайда алу үшін өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануды, заңды және жеке тұлғалардан немесе олардың өкілдерінен ақша, көрсетілетін қызметтер түрінде және өзге де нысандарда кез келген сыйақыны жеке өзі немесе делдалдар арқылы қабылдауға;

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, заңнамада белгіленген әкімшілік және/немесе қылмыстық жауаптылыққа (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар) әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттер жасауға;

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің жақын туыстарының (ата-аналарының, балаларының, бала асырап алушыларының, асырап алынған балаларының, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілерінің, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) және (немесе) жұбайының (зайыбының), сондай-ақ жекжаттарының (жұбайының (зайыбының) аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің, ата-аналары мен балаларының) материалдық мүдделерін қанағаттандырумен байланысты мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалануға;

4. Қоғамда жұмысқа қабылдау және қызмет бабында ілгерілету кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген артықшылықтар (тамыр-таныстық, отбасылық жақындық) беруге;

5. шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде заңды және/немесе жеке тұлғаларға заңсыз қолдау көрсетуге;

6. кімге болса да кәсіпкерлік және кіріс алумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кез келген жәрдем көрсетуге;

7. ұсынылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты жеке және/немесе заңды тұлғаларға беруден негізсіз бас тарту, оны ұстап қалу, анық емес немесе толық емес ақпарат беруге;

8. жеке немесе заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасында осы

тұлғалардың ұсынуы көзделмеген ақпаратты талап етуге;

9. жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың және оның құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешудің заңмен белгіленген тәртібін бұзуға;

10. жоғары тұрған ресми адамдарға аталған адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар беру және қызметтік емес қызметтер көрсетуге;

11. қызметі немесе жұмысы бойынша жоғары немесе төмен тұрған не өздерімен өзге де түрде тәуелді адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындар ойнауға қатысуға;

12. Қоғамда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

13. Қоғамның қалыпты жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысуға;

14. мүдделер қақтығысы болған жағдайда лауазымдық міндеттерін атқаруға;

15. Қоғамның басқа қызметкерлеріне, өзге жеке және заңды тұлғаларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол беруге тыйым салынады.